

fiziqaz
academy

ЕСЕПТЕР БАНКІ · ТОЛЫҚ ШЕШУІМЕН

Физика есептері

Кинематика · Гидростатика · Статика · 40 есеп

Дереккөз: Гончаренко

Кинематика **29**

Гидростатика **4**

Статика **7**

fiziqaz academy · Ғалымбек Ташев · fiziqaz.academy

Мазмұны

I бөлім — есептердің шарттары, II бөлім — сол нөмірлердің толық шешуі.

1	Қарама-қарсы және бір бағытта жүрген екі автобус	Орташа	19	Жаттықтырушыны кездестірген соң кері бұрылған спортшылар колоннасы	Күрделі
2	Желмен және желге қарсы жүрген екі велосипедші	Орташа	20	Каналмен бе, әлде өзенмен бе: қайсысы тезірек?	Орташа
3	Екі қайықтың арасында ұшқан альбатрос	Оңай	21	Автомобиль мен өгіз арба: турист уақыт үнемдеді ме?	Оңай
4	Бір-біріне жақындаған ғарыш станциялары мен пошта контейнерлері	Орташа	22	Уақытты тең бөлген және жолды тең бөлген екі жаяу жүргінші	Орташа
5	Барып-қайтқан автомобильдің орташа жылдамдығы	Орташа	23	Алматы — Талғар — Алматы: желді ме, тымық па?	Орташа
6	Жолдың үш бөлігін әртүрлі жылдамдықпен жүрген пойыз	Орташа	24	Екі сұңгуір қайық және гидролокатор сигналы	Оңай
7	Негізгі топтан үш айналымға озған велошабандоз	Орташа	25	Эскалатормен жүгіріп түскен екі бала: баспалдақтарды санау	Күрделі
8	Жолдары мен уақыттары қатынаспен берілген пойыз	Орташа	26	Төмен түсетін эскалатормен жоғары жүгіру	Орташа
9	Екі турист және бір велосипед	Күрделі	27	Неліктен қозғалтқыш сөндірулі қайықтың рулі жұмыс істемейді?	Оңай
10	Жылдамдығын екі есе арттырған мотоциклші	Оңай	28	Қарсы келе жатқан пойыз екі электр пойызын кездестіреді	Орташа
11	Жолдың жартысы шоссе, жартысы грунт жол	Оңай	29	Торпедалық катер: торпедалар кемеге тие ме?	Күрделі
12	Жаяу, автобуспен және электричкамен жүрген туристер	Орташа	30	Төрт түрлі ағаш кубиктен құралған куб	Оңай
13	Өзеннен су алып, алауды сөндіру: ең аз уақыт	Күрделі	31	Платформадан салбыраған арқалық: күштің шекаралары	Күрделі
14	Алға озып кетіп, серігіне қайта оралған велосипедші	Орташа	32	Екі роликпен «бекітілген» арқалыққа ілінетін ең ауыр жүк	Күрделі
15	Жаяу жүргінші мен оны қуып жеткен автомобиль	Оңай	33	Итергішті құбыр бойымен өткізу: үйкеліс шарты	Күрделі
16	Құтқару шеңберін қуып жеткен катер	Орташа	34	Үш топсалы өзек: CD-ны көлденең ұстайтын ең кіші күш	Күрделі
17	Жаяу жүргіншіні басып озған және қарсы кездескен трамвайлар	Орташа	35	Құдықтағы бағана: трамвай сымының керілуі	Орташа
18	Жаяу жүргінші, велосипедші және мотоциклші	Күрделі	36	Маляр өзі тұрған алаңқайды көтереді	Орташа
			37	Құмда жүргенде шинадағы қысымды неге азайтады?	Оңай

38 Үш аяқты үстел: центрден ығысқан жүк Күрделі

39 Мұз бен пенопласттан құралған куб: Мұз ерігенде не өзгереді? Күрделі

40 Иінді таразы: ауада да, вакуумда да тепе-теңдік Күрделі

Есептер

40 есеп · шешулері II бөлімде, нөмірлері бойынша

Кинематика 29

1 Қарама-қарсы және бір бағытта жүрген екі автобус

Кинематика

Салыстырмалы қозғалыс

Орташа

Гончаренко № 1

Арасындағы қашықтық $d = 10$ км болатын А және В қалаларынан бір-біріне қарай екі автобус v_1 және v_2 жылдамдықтарымен шықты. Автобустар бір-біріне қарай жүргенде, олардың арасындағы қашықтық әрбір секунд сайын 5 м-ге азаяды. Ал автобустар бір бағытта қозғалса, олардың арасындағы қашықтық әрбір секунд сайын 1 м-ге азаяды. Автобустардың жылдамдықтарын анықтаңдар. Автобустар бір-біріне қарай жүргенде, қанша уақыттан кейін (t_1) және А қаласынан қандай қашықтықта (d_1) кездеседі? Бір бағытта қозғалса, екінші автобус бірінші автобусты қанша уақыттан кейін (t_2) және А қаласынан қандай қашықтықта (d_2) қуып жетеді?

2 Желмен және желге қарсы жүрген екі велосипедші

Кинематика

Ағыстағы қозғалыс

Орташа

Гончаренко № 2

Арасындағы қашықтық $d = 9$ км болатын А және В қалаларынан бір мезгілде бір-біріне қарай екі велосипедші шықты. А-дан В-ға қарай бағытта v_0 жылдамдықпен жел соғады. Бірінші велосипедші қалалар арасындағы қашықтықты $t_1 = 30$ мин-та, ал екіншісі $t_2 = 40$ мин-та жүріп өтті. Желдің v_0 жылдамдығын және велосипедшілердің тыныш ауа-райындағы v жылдамдығын анықтаңдар.

3 Екі қайықтың арасында ұшқан альбатрос

Кинематика

Салыстырмалы қозғалыс

Оңай

Гончаренко № 3

Бір-біріне қарай v_1 және v_2 жылдамдықтарымен қозғалатын екі қайық арасында альбатрос тұрақты v жылдамдықпен ұшады. Қайықтар арасындағы бастапқы қашықтық s болса, қайықтар кездескенге дейін альбатрос қандай қашықтықты ұшып өтеді?

4 Бір-біріне жақындаған ғарыш станциялары мен пошта контейнерлері

Кинематика

Салыстырмалы қозғалыс

Орташа

Гончаренко № 4

Екі ғарыш станциясы $v = 8 \cdot 10^3$ км/сағ жылдамдықпен бір-біріне жақындап келеді. Бір станциядан екіншісіне әрбір $\Delta t = 20$ мин сайын, бірінші станцияға қатысты $v_1 = 8 \cdot 10^3$ км/сағ

жылдамдықпен пошта контейнерлері жіберіледі. Екінші станцияның командирі бір сағат ішінде қанша хабарлама алатынын анықтаңдар.

5 Барып-қайтқан автомобильдің орташа жылдамдығы

Кинематика

Орташа жылдамдық

Орташа

Гончаренко № 5

Автомобиль қалалар арасындағы қашықтықты t_1 уақытында v_1 жылдамдықпен жүріп өтті. Кері қайтқанда ол жолдың бір бөлігін сол t_1 уақытында v_2 жылдамдықпен, ал қалған уақытты v_3 жылдамдықпен жүрді. Автомобильдің қозғалысының орташа жылдамдығын анықтаңдар.

6 Жолдың үш бөлігін әртүрлі жылдамдықпен жүрген пойыз

Кинематика

Орташа жылдамдық

Орташа

Гончаренко № 6

Егер пойыз жолдың бірінші үштен бір бөлігін $v_1 = 50$ км/сағ жылдамдықпен, екінші үштен бір бөлігін $v_2 = 75$ км/сағ жылдамдықпен, ал соңғы үштен бір бөлігін алдыңғы екі бөліктегі орташа жылдамдықтан екі есе үлкен жылдамдықпен жүрсе, пойыздың барлық жолдағы орташа жылдамдығын анықтаңдар.

7 Негізгі топтан үш айналымға озған велошабандоз

Кинематика

Орташа жылдамдық

Орташа

Гончаренко № 7

Жүзінші айналымды аяқтай отырып, веложарыстың көшбасшысы негізгі топтан 3 айналымға озып шықты. Егер топтың орташа жылдамдығы 45 км/сағ болса, көшбасшының орташа жылдамдығын анықтаңдар.

8 Жолдары мен уақыттары қатынаспен берілген пойыз

Кинематика

Орташа жылдамдық

Орташа

Гончаренко № 8

Пойыз жүрген жолының жеке бөліктері 1:3:4:2 қатынасында болса, ал оларды жүріп өту үшін уақыт 2:4:3:1 қатынасында жұмсалса және соңғы бөліктегі жылдамдық 80 км/сағ-қа тең болса, пойыздың орташа жылдамдығын анықтаңдар.

9 Екі турист және бір велосипед

Кинематика

Орташа жылдамдық

Күрделі

Гончаренко № 9

Екі турист бір мезгілде — біреуі v_1 жылдамдықпен велосипедпен, ал екіншісі v_2 жылдамдықпен жаяу — саяхатқа шықты. Жолдағы белгілі бір жерде велосипедші велосипедті жаяу жүруші үшін қалдырып, өзі әрі қарай жаяу жүреді. Екі турист де саяхаттың соңғы пунктіне бір мезгілде жетеді. Туристер қандай орташа жылдамдықпен қозғалды? Егер велосипедші жолдың бір жерінде велосипедті үшінші туристке беріп, ол

жаяу жүрушіге қарсы жүріп велосипедті оған табыстаса және екі турист те саяхатты қайтадан бір мезгілде аяқтаса, орташа жылдамдық өзгере ме?

10 Жылдамдығын екі есе арттырған мотоциклші

Кинематика

Орташа жылдамдық

Оңай

Гончаренко № 10

Мотоциклші екі пункттің арасындағы қашықтықты 40 км/сағ жылдамдықпен жүріп өтті. Содан кейін жылдамдығын 80 км/сағ-қа дейін арттырып, тағы екі есе аз қашықтықты жүрді. Мотоциклшінің қозғалыстың бүкіл уақытындағы орташа жылдамдығын анықтаңдар.

11 Жолдың жартысы шоссе, жартысы грунт жол

Кинематика

Орташа жылдамдық

Оңай

Гончаренко № 11

Автомобиль жолдың бірінші жартысын шоссемен $v_1 = 90$ км/сағ жылдамдықпен, екінші жартысын грунт жолмен $v_2 = 30$ км/сағ жылдамдықпен жүріп өтті. Автомобильдің орташа жылдамдығын анықтаңдар.

12 Жаяу, автобуспен және электричкамен жүрген туристер

Кинематика

Орташа жылдамдық

Орташа

Гончаренко № 12

Демалыс орнынан қалаға дейінгі жолды туристер орташа 32 км/сағ жылдамдықпен өтті: жартылай жаяу, жартылай автобуспен және содан кейін электричкамен. Жол бөліктерінің ұзындықтары 1:4:45 қатынасында, ал оларға сәйкес уақыт аралықтары 4:1:20 қатынасында болса, әр бөлікті қандай жылдамдықпен өткен?

13 Өзеннен су алып, алауды сөндіру: ең аз уақыт

Кинематика

Экстремум есептері

Күрделі

Гончаренко № 13

Адам өзеннен 6 м қашықтықта тұр. Өзеннен 34 м қашықтықта алау жанып тұр. Адамнан және алаудан өзен жағасына түсірілген перпендикулярлардың арасындағы қашықтық 30 м. Адам өзенге $v = 5$ м/с жылдамдықпен жүгіріп барып, шелекке су толтырады, содан кейін алауға жүгіріп барып, оны сөндіреді. Шелекке су толтыруға $\tau = 5$ с уақыт кетсе, адамға алауды өшіру үшін ең аз дегенде қанша уақыт қажет?

14 Алға озып кетіп, серігіне қайта оралған велосипедші

Кинематика

Салыстырмалы қозғалыс

Орташа

Гончаренко № 14

Екі велосипедші $v_1 = 35$ км/сағ жылдамдықпен жүріп келеді. Олардың біреуі жылдамдығын $v_2 = 45$ км/сағ-ға дейін арттырып, осы жылдамдықпен $l = 10$ км жол жүреді, содан кейін жылдамдығын кемітпей, бірінші велосипедшіге қарай бұрылады. Велосипедші алға жүріп кеткен сәттен серігіне қайта оралғанша дейін қанша уақыт өтеді?

15

Жаяу жүргінші мен оны қуып жеткен автомобиль

Кинематика

Салыстырмалы қозғалыс

Оңай

Гончаренко № 15

Бір қаладан екінші қалаға жаяу жүргінші шықты. Ол $s_1 = 27$ км қашықтықты жүріп өткен кезде, оның артынан жылдамдығы 10 есе артық автомобиль шықты. Олар екінші қалаға бір мезгілде келді. Қалалар арасындағы қашықтық қандай?

16

Құтқару шеңберін қуып жеткен катер

Кинематика

Ағыстағы қозғалыс

Орташа

Гончаренко № 16

Өзен ағысымен төмен қарай жүзіп келе жатқан катер құтқару шеңберін қуып жетеді. Осыдан 30 мин өткен соң катер қозғалтқышының қуатын өзгертпестен кері бұрылады да, шеңберді алғашқы кездескен жерінен 5 км қашықтықта қайта кездестіреді. Өзен ағысының жылдамдығын анықтаңдар.

17

Жаяу жүргіншіні басып озған және қарсы кездескен трамвайлар

Кинематика

Салыстырмалы қозғалыс

Орташа

Гончаренко № 17

Трамвай жолын бойлай жаяу келе жатқан адамды әр 7 мин сайын трамвай басып озады, ал әр 5 мин сайын оған қарсы келе жатқан трамвай кездеседі. Трамвайлар бір-бірінен қандай уақыт аралығымен жүреді?

18

Жаяу жүргінші, велосипедші және мотоциклші

Кинематика

Салыстырмалы қозғалыс

Күрделі

Гончаренко № 18

Жаяу жүргінші, велосипедші және мотоциклші шоссемен бір бағытта тұрақты жылдамдықтармен қозғалып келеді. Велосипедші мен мотоциклші бір нүктеде болған сәтте жаяу жүргінші олардан 10 км алда еді. Мотоциклші жаяу жүргіншіні қуып жеткен кезде велосипедші олардан 5 км артта келе жатты. Велосипедші жаяу жүргіншіні қуып жеткен сәтте мотоциклші жаяу жүргіншіден неше километр алда болады?

19

Жаттықтырушыны кездестірген соң кері бұрылған спортшылар колоннасы

Кинематика

Салыстырмалы қозғалыс

Күрделі

Гончаренко № 19

Спортшылар ұзындығы l_0 колонна құрап, v жылдамдықпен жүгіріп келеді. Оларға қарсы u жылдамдықпен ($u < v$) жаттықтырушы жүгіріп келеді. Жаттықтырушымен қатарласқан әрбір спортшы кері бұрылып, сол v жылдамдықпен жүгіреді. Барлық спортшылар кері бұрылғаннан кейін колоннаның ұзындығы қандай болады?

20 Каналмен бе, әлде өзенмен бе: қайсысы тезірек?

Кинематика

Ағыстағы қозғалыс

Орташа

Гончаренко № 20

А және В елді мекендері бір жағынан су каналымен, екінші жағынан өзенмен байланысқан, әрі екі жолдың да ұзындығы 12 км. Жылдамдығы 16 км/сағ моторлы қайық А пунктінен В пунктіне барып, мүмкіндігінше аз уақытта кері оралуы керек (қайық барып-қайту жолын тек өзенмен немесе тек каналмен жүреді). Қайық қай жолмен тезірек барып қайтады?

21 Автомобиль мен өгіз арба: турист уақыт үнемдегі ме?

Кинематика

Орташа жылдамдық

Оңай

Гончаренко № 21

Турист жолдың бірінші жартысын автомобильмен жаяу жүргендегіден 10 есе жылдам, ал екінші жартысын өгіз арбамен жаяу жүргендегіден екі есе баяу жүріп өтті. Турист бүкіл жолды жаяу жүрмей, осылайша жүріп өткенде уақыт үнемдеді ме?

22 Уақытты тең бөлген және жолды тең бөлген екі жаяу жүргінші

Кинематика

Орташа жылдамдық

Орташа

Гончаренко № 22

Екі жаяу жүргінші А пунктінен В пунктіне бір мезгілде шықты. Біріншісі А-дан В-ға дейінгі жолға жұмсаған уақытының бірінші жартысында v_1 жылдамдықпен, ал қалған жартысында v_2 жылдамдықпен жүрді. Екіншісі жолдың бірінші жартысын v_2 жылдамдықпен, ал екінші жартысын v_1 жылдамдықпен жүріп өтті. Олардың қайсысы В пунктіне бұрын жетті?

23 Алматы — Талғар — Алматы: желді ме, тымық па?

Кинематика

Ағыстағы қозғалыс

Орташа

Гончаренко № 23

Велосипедші Алматы — Талғар — Алматы бағытымен жүреді. Велосипедші қандай ауа райында (желді ме, әлде тымық па) аз уақыт жұмсайды?

24 Екі сүңгуір қайық және гидролокатор сигналы

Кинематика

Салыстырмалы қозғалыс

Оңай

Гончаренко № 24

Екі сүңгуір қайық бір-бірінің артынан l қашықтықта бірдей v жылдамдықпен жүзіп келеді. Артқы қайықтан жіберілген гидролокатор сигналы алдыңғы қайыққа жетіп, одан шағылып, кері қайтады. Сигнал жіберілгеннен кейін қанша уақыттан соң шағылған сигнал қабылданатынын анықтаңдар. Судағы дыбыстың жылдамдығы u .

25 Эскалатормен жүгіріп түскен екі бала: баспалдақтарды санау

Кинематика

Эскалатор

Күрделі

Гончаренко № 25

Метроның қозғалып тұрған эскалаторымен ережені бұзып екі бала төмен қарай жүгіріп түседі: біреуі u жылдамдықпен, екіншісі одан n есе үлкен жылдамдықпен. Біріншісі k_1 баспалдақ, екіншісі k_2 баспалдақ санады. Эскалатордың баспалдақтар саны N -ді және оның қозғалыс жылдамдығы v -ні анықтаңдар.

26 Төмен түсетін эскалатормен жоғары жүгіру

Кинематика

Эскалатор

Орташа

Гончаренко № 26

Метро эскалаторы төмен қарай жүгіріп бара жатқан адамды $t_1 = 1$ мин ішінде түсіреді. Егер адам төмен қозғалып тұрған эскалатормен жоғары қарай $t_2 = 4$ мин ішінде жүгіріп шығатын болса, эскалаторда қозғалмай тұрған адам қанша уақытта төмен түседі?

27 Неліктен қозғалтқыш сөндірулі қайықтың рулі жұмыс істемейді?

Кинематика

Ағыстағы қозғалыс

Оңай

Гончаренко № 27

Өзен ағысымен төмен қарай жүзіп келе жатқан моторлы қайықты оның артқы бөлігіне орнатылған рульмен басқару оңай. Неліктен қозғалтқыш сөндірулі болғанда қайықты бұлай басқару мүмкін емес?

28 Қарсы келе жатқан пойыз екі электр пойызын кездестіреді

Кинематика

Салыстырмалы қозғалыс

Орташа

Гончаренко № 28

Астанадан Ерейментауға қарай $t_1 = 10$ мин аралықпен $v = 30$ км/сағ жылдамдықпен екі электр пойызы жолға шықты. Қарсы келе жатқан пойыз бұл электр пойыздарын бірінен кейін бірін $t_2 = 4$ мин аралықпен кездестірсе, оның жылдамдығы қандай?

29 Торпедалық катер: торпедалар кемеге тие ме?


Кинематика

Графиктік әдіс

Күрделі

Гончаренко № 29

Торпедалық катер А нүктесінде тұрып (1-сурет), жіберу сәтінде В нүктесінен өтіп бара жатқан кемеге екі торпеда атады. Торпедалар мен кемеңің суға қатысты жылдамдықтары тұрақты: кеме В-дан D бағытына қарай $v = 40$ км/сағ жылдамдықпен жүзеді, I торпеда С нүктесіне қарай $v_1 = 40$ км/сағ, ал II торпеда D нүктесіне қарай $v_2 = 60$ км/сағ жылдамдықпен ұшады. Суреттегі бір тор — 1 км. Циркуль мен сызғышты пайдаланып, торпедалардың кемеге тиетін-тимейтінін анықтаңдар.



1-сурет. Катер А нүктесінде, кеме жіберу сәтінде В нүктесінде. Бір тор — 1 км.

Гидростатика 4

30 Төрт түрлі ағаш кубиктен құралған куб

Гидростатика

Тығыздық

Оңай

Гончаренко № 30

Куб бірдей көлемді, жақсы жанастырылған көптеген ағаш кубиктерден құралған. Кубиктер әртүрлі ағаштан жасалған: тығын ағашы ($\rho_1 = 200 \text{ кг/м}^3$), емен ($\rho_2 = 700 \text{ кг/м}^3$), кедр ($\rho_3 = 550 \text{ кг/м}^3$) және қара ағаш ($\rho_4 = 1200 \text{ кг/м}^3$). Осы материалдардан жасалған кубиктердің сандары 3 : 4 : 2 : 1 қатынасында болса, кубтың орташа тығыздығы қандай?

37 Құмда жүргенде шинадағы қысымды неге азайтады?

Гидростатика

Қысым

Оңай

Гончаренко № 37

Құм үстімен жүргенде автомобиль шиналарындағы ауа қысымын азайтуға кеңес береді. Не үшін?

39 Мұз бен пенопласттан құралған куб: мұз ерігенде не өзгереді?

Гидростатика

Архимед күші

Күрделі

Гончаренко № 39

Калориметрдегі суда екі жартыдан құралған куб жүзіп жүр. Төменгі жартысы — мұздан ($\rho_{\text{м}} = 0,9\rho_{\text{с}}$), жоғарғы жартысы — пенопласттан ($\rho_{\text{п}} = 0,5\rho_{\text{с}}$). Кубтың қыры $d = 8 \text{ см}$. Мұз ерігеннен кейін пенопласт жартысы қандай тереңдікке батады? Сол кезде кубтың үсті мен калориметрдің түбі арасындағы қашықтық қаншаға өзгереді?

40

Иінді таразы: ауада да, вакуумда да тепе-теңдік

Гидростатика

Архимед күші

Күрделі

Гончаренко № 40

Қорғасын кесекті иінді таразыда өлшеу үшін алюминий гірлер пайдаланылды. Ауада теңестірілген таразыны вакуум-камераға қойғанда тепе-теңдік бұзылды. Ал гірлер мен кесекті орындарымен ауыстырғанда, керісінше, тепе-теңдік дәл вакуум-камерада сақталып, ауада бұзылатын болды. Таразы иіндерінің ұзындықтары бір-бірінен неше процентке өзгеше? Ауаның тығыздығын судың тығыздығының $1/800$ бөлігіне тең деп алыңдар.

Статика 7

31

Платформадан салбыраған арқалық: күштің шекаралары


Статика

Күш моменті

Күрделі

Гончаренко № 31

Ұзындығы $L = 6$ м біртекті арқалықтың бір бөлігі ($l = 1$ м) көлденең платформада жатыр, қалған бөлігі платформадан салбырап тұр (2-сурет). Салбыраған бөліктің ұшына жоғары бағытталған F күші түсірілген. Арқалық көлденең қалпында тек күштің мәні $F_{\min}$ -нен $F_{\max}$ -қа дейінгі аралықта болғанда ғана қалады. Арқалықтың қалыңдығы оның ұзындығынан әлдеқайда аз болса, $F_{\max}/F_{\min}$ қатынасын табыңдар.



2-сурет. Арқалықтың l бөлігі платформада, ұшына F күші түсірілген.

32

Екі роликпен «бекітілген» арқалыққа ілінетін ең ауыр жүк


Статика

Күш моменті

Күрделі

Гончаренко № 32

А және Б ролик-тіректері арқалықты көлденең қалыпта «бекітуге» мүмкіндік береді (3-сурет): А ролигі арқалықты жоғарыдан басады, Б ролигі оны астынан тіреп тұрады. Б ролигіне арқалық F_0 -ден артық күшпен баспауы керек, әйтпесе ролик бұзылады. Арқалықтың ұшына ең үлкен қандай жүк іліп қоюға болады? Арқалықты қалай орналастыру керек? Арқалықтың массасы m , ұзындығы L , роликтердің көлденең арақашықтығы l .



3-сурет. А ролигі арқалықты жоғарыдан басады, Б ролигі астынан тіреді.

33 Итергішті құбыр бойымен өткізу: үйкеліс шарты


Статика

Үйкеліс

Күрделі

Гончаренко № 33

Көлденең құбырдың ішінде итергіш А сырғи алады (4-сурет). Құбырды төменгі ұшы дөңгелектелген Б өзегі бөгеп тұр. Өзек негізгі құбырдан тарайтын тегіс (үйкеліссіз) тік тармақтың бойымен еркін қозғала алады. Итергіштің алдыңғы көлбеу беті құбыр осімен α бұрыш жасайды. Итергішті құбыр бойымен өткізіп жіберу үшін оның беті мен өзектің арасындағы үйкеліс коэффициенті қандай болуы керек?



4-сурет. Итергіш А, бөгеуіш өзек Б; көлбеу беттің бұрышы α .

34 Үш топсалы өзек: CD-ны көлденең ұстайтын ең кіші күш


Статика

Күш моменті

Күрделі

Гончаренко № 34

Үш бірдей салмақсыз өзек топсалар арқылы жалғанып, бір көлденеңде жатқан А және В нүктелеріне бекітілген (5-сурет). АВ қашықтығы өзектің ұзындығынан екі есе артық. С топсасына массасы М жүк ілінген. CD өзегі көлденең болуы үшін D топсасына ең кіші қандай күш түсіру керек?



5-сурет. AC, CD, DB өзектері топсалармен жалғанған; C топсасында M жүгі.

35 Құдықтағы бағана: трамвай сымының керілуі


Статика

Күш моменті

Орташа

Гончаренко № 35

Трамвай желісінің сымын керу үшін оның ұшын бағанаға бекіткен (6-сурет). Бағананың басындағы блоктар жүйесі сымның керілу күшін ілінген жүктің салмағынан төрт есе арттырады; жүктің массасы $m = 100$ кг. Бағана бетон құдықта тұр және құдыңтың түбіндегі A нүктесінде, жер бетіндегі B нүктесінде ғана тіреледі. Бағанаға A және B нүктелерінде әсер ететін күштерді анықтаңдар. Сым бекітілген нүктенің B-дан биіктігі $H = 10$ м, құдыңтың тереңдігі $AB = 1,5$ м.



6-сурет. Бағана бетон құдықта A және B нүктелерінде ғана тіреледі.

36 Маляр өзі тұрған алаңқайды көтереді


Статика

Блоктар

Орташа

Гончаренко № 36

Маляр өзі тұрған алаңқайды 7-суреттегі блоктар жүйесімен ұстап тұр. Малярдың массасы $M = 60$ кг, алаңқайдың массасы $m = 30$ кг. Маляр арқанды қандай күшпен тартуы керек? Ол алаңқайға қандай күшпен басады? Маляр ең үлкен қандай массалы алаңқайды ұстап тұра алады?



7-сурет. Маляр алаңқайда тұрып, арқанның ұшынан тартады.

38 Үш аяқты үстел: центрден ығысқан жүк


Статика

Күш моменті

Күрделі

Гончаренко № 38

Радиусы R жеңіл дөңгелек үстел үш аяғымен көлденең еденде тұр (8-сурет). Үстелдің үстіне массасы M ауыр жүк қойылды: ол үстелдің центрінен аяқтардың біреуіне қарай $\frac{1}{2}R$ қашықтыққа ығысқан. Үстел аяқтарының еденге түсіретін қысым күштерін анықтаңдар. Аяқтары тік және R радиусты шеңбер бойымен симметриялы орналасқан. Еден тегіс.



8-сурет. Жоғарыдан көрініс: жүк центрден 1-аяққа қарай $\frac{1}{2}R$ ығысқан.

Шешулері

Әр шешудің нөмірі I бөлімдегі есептің нөмірімен бірдей

Кинематика 29

1 Қарама-қарсы және бір бағытта жүрген екі автобус

Салыстырмалы қозғалыс · Орташа · Гончаренко № 1

Жауабы. $v_1 = 3$ м/с, $v_2 = 2$ м/с; $t_1 \approx 33$ мин, $d_1 = 6$ км; $t_2 \approx 2$ сағ 47 мин, $d_2 = 30$ км

Берілгені. $d = 10$ км = 10 000 м; жақындау жылдамдығы 5 м/с; бір бағытта — 1 м/с.

Табу керек. $v_1, v_2, t_1, d_1, t_2, d_2$.

Идея. «Арасындағы қашықтық әрбір секунд сайын қанша азаяды» деген сөз — бұл дәл **салыстырмалы жылдамдықтың** модулі. Бір автобусты санақ денесі етіп алсақ, екіншісі соған қарай осы жылдамдықпен жақындайды.

Шешуі.

1. Қарама-қарсы қозғалғанда салыстырмалы жылдамдық — жылдамдықтардың қосындысы, бір бағытта қозғалғанда — айырмасы:

$$v_1 + v_2 = 5 \text{ м/с}, \quad v_1 - v_2 = 1 \text{ м/с}.$$

2. Екі теңдеуді қоссақ: $2v_1 = 6$ м/с, яғни

$$v_1 = 3 \text{ м/с} = 10,8 \text{ км/сағ}, \quad v_2 = 2 \text{ м/с} = 7,2 \text{ км/сағ}.$$

3. **Кездесу (қарама-қарсы қозғалыс).** Автобустардың арасындағы d қашықтық 5 м/с жылдамдықпен жабылады:

$$t_1 = d / (v_1 + v_2) = 10\,000 / 5 = 2000 \text{ с} \approx 33,3 \text{ мин}.$$

А-дан кездесу нүктесіне дейінгі қашықтық — бірінші автобус жүріп өткен жол:

$$d_1 = v_1 t_1 = 3 \cdot 2000 = 6000 \text{ м} = 6 \text{ км}.$$

Тексеру: екінші автобус $2 \cdot 2000 = 4000$ м = 4 км жүрді, $6 + 4 = 10$ км ✓

4. **Қуып жету (бір бағытта).** Арақашықтық азаю үшін **артта келе жатқан автобус жылдам болуы** керек. Сондықтан екеуі де $A \rightarrow B$ бағытында жүрсін: А-дан шыққан жылдам автобус ($v_1 = 3$ м/с) алда келе жатқан баяу автобусты ($v_2 = 2$ м/с) қуып жетеді. Бастапқы алшақтық d , ол $(v_1 - v_2) = 1$ м/с жылдамдықпен жабылады:

$$t_2 = d / (v_1 - v_2) = 10\,000 / 1 = 10\,000 \text{ с} = 2 \text{ сағ } 46 \text{ мин } 40 \text{ с} \approx 2 \text{ сағ } 47 \text{ мин.}$$

$$d_2 = v_1 t_2 = 3 \cdot 10\,000 = 30\,000 \text{ м} = 30 \text{ км.}$$

Тексеру: баяу автобус А-дан 10 км қашықтықтан бастап $2 \cdot 10\,000 = 20\,000$ м жүрді, $10 + 20 = 30$ км ✓

Жауабы. $v_1 = 3 \text{ м/с}$, $v_2 = 2 \text{ м/с}$; $t_1 \approx 33,3 \text{ мин}$, $d_1 = 6 \text{ км}$; $t_2 \approx 2 \text{ сағ } 47 \text{ мин}$, $d_2 = 30 \text{ км}$.

2

Желмен және желге қарсы жүрген екі велосипедші

Ағыстағы қозғалыс · Орташа · Гончаренко № 2

Жауабы. $v_0 \approx 2,3 \text{ км/сағ}$; $v \approx 15,8 \text{ км/сағ}$

Берілгені. $d = 9 \text{ км}$; $t_1 = 30 \text{ мин} = 0,5 \text{ сағ}$; $t_2 = 40 \text{ мин} = 2/3 \text{ сағ}$.

Табу керек. v_0 , v .

Идея. Велосипедшінің жерге қатысты жылдамдығы — оның ауаға қатысты жылдамдығы мен желдің жылдамдығының қосындысы. Мұнда бәрі бір түзудің бойында, сондықтан векторлық қосу жай алгебралық қосуға айналады. Екеуінің де тыныш ауадағы жылдамдығы бірдей — v .

Шешуі.

1. Бірінші велосипедші $A \rightarrow B$ бағытында, яғни **желмен бірге** жүреді, оның жердегі жылдамдығы $v + v_0$. Екіншісі $B \rightarrow A$, яғни **желге қарсы** жүреді, оның жылдамдығы $v - v_0$.

$$v + v_0 = d / t_1 = 9 / 0,5 = 18 \text{ км/сағ},$$

$$v - v_0 = d / t_2 = 9 / (2/3) = 13,5 \text{ км/сағ}.$$

2. Қоссақ: $2v = 31,5 \text{ км/сағ}$; азайтсақ: $2v_0 = 4,5 \text{ км/сағ}$. Демек

$$v = 15,75 \approx 15,8 \text{ км/сағ}, \quad v_0 = 2,25 \approx 2,3 \text{ км/сағ}.$$

Жалпы түрі. $v = d(t_1 + t_2) / (2t_1 t_2)$, $v_0 = d(t_2 - t_1) / (2t_1 t_2)$.

Жауабы. $v \approx 15,8 \text{ км/сағ}$; $v_0 \approx 2,3 \text{ км/сағ}$.

3

Екі қайықтың арасында ұшқан альбатрос

Салыстырмалы қозғалыс · Оңай · Гончаренко № 3

Жауабы. $l = vs / (v_1 + v_2)$

Берілгені. v_1 , v_2 — қайықтардың жылдамдықтары; v — альбатростың жылдамдығы; s — бастапқы қашықтық.

Табу керек. l — альбатростың ұшып өткен жолы.

Идея. Бұл — атақты «шыбын мен велосипедшілер» есебі. Альбатрос қайықтар арасында қанша рет ары-бері ұшқанын санаудың **қажеті жоқ**: ол қайықтар кездескенге дейінгі бүкіл уақытта тұрақты v жылдамдықпен ұшады. Сондықтан алдымен **уақытты** табамыз.

Шешуі.

1. Қайықтар бір-біріне $(v_1 + v_2)$ жылдамдықпен жақындайды, олардың арасы s . Кездесу уақыты:

$$t = s / (v_1 + v_2).$$

2. Дәл сол t уақыт ішінде альбатрос та үздіксіз ұшады — бағытын қанша рет өзгертсе де, жылдамдығының модулі v :

$$l = v \cdot t = vs / (v_1 + v_2).$$

Мысал. $s = 20$ км, $v_1 = v_2 = 10$ км/сағ, $v = 30$ км/сағ болса: $t = 1$ сағ, $l = 30$ км.

Әдістемелік ескерту. Есепті «шексіз қатарды қосу» арқылы да шығаруға болады, бірақ бұл — ұзақ жол. Сұрақты «қайда ұшты?» емес, «қанша уақыт ұшты?» деп қою — кинематиканың ең пайдалы дағдыларының бірі.

Жауабы. $l = vs / (v_1 + v_2)$.

4

Бір-біріне жақындаған ғарыш станциялары мен пошта контейнерлері

Салыстырмалы қозғалыс · Орташа · Гончаренко № 4

Жауабы. $n = (v + v_1)t / (v_1 \Delta t) = 6$ контейнер

Берілгені. $v = 8 \cdot 10^3$ км/сағ — станциялардың жақындау жылдамдығы; $\Delta t = 20$ мин = $1/3$ сағ; $v_1 = 8 \cdot 10^3$ км/сағ — контейнердің бірінші станцияға қатысты жылдамдығы; $t = 1$ сағ.

Табу керек. n — бір сағатта қабылданатын контейнерлер саны.

Идея. Контейнерлер бірінен соң бірі бірдей Δt аралықпен жіберіледі, сондықтан кеңістікте олар **бірдей қашықтықта** тізіліп келеді. Екінші станция осы «тізбекті» қандай жылдамдықпен кесіп өтетінін тапсақ жеткілікті. Бұл — Доплер эффектісінің ең қарапайым, механикалық түрі.

Шешуі.

1. Барлық есепті **бірінші станцияның санақ жүйесінде** жүргіземіз. Мұнда әр контейнер v_1 жылдамдықпен ұшады, ал көрші екі контейнердің арасы:

$$L = v_1 \cdot \Delta t = 8 \cdot 10^3 \cdot (1/3) \approx 2,67 \cdot 10^3 \text{ км.}$$

2. Осы жүйеде екінші станция v жылдамдықпен жақындайды, ал контейнерлер оған қарсы v_1 жылдамдықпен ұшады. Демек контейнер мен екінші станцияның **жақындау жылдамдығы**:

$$v_{\text{сал}} = v + v_1 = 1,6 \cdot 10^4 \text{ км/сағ.}$$

3. t уақыт ішінде екінші станция контейнерлер тізбегінің бойымен $v_{\text{сал}} \cdot t$ қашықтыққа ілгерілейді, ал әр контейнер сайын L км кетеді:

$$n = (v + v_1) \cdot t / (v_1 \cdot \Delta t) = 1,6 \cdot 10^4 \cdot 1 / (8 \cdot 10^3 \cdot 1/3) = 6.$$

Талдау. Егер станциялар қозғалмаса ($v = 0$), командир сағатына 3 контейнер алар еді — дәл жіберілген жиілікпен. Жақындау есебінен қабылдау жиілігі екі есе артты.

Жауабы. $n = (v + v_1)t / (v_1 \Delta t) = 6$ контейнер.

5

Барып-қайтқан автомобильдің орташа жылдамдығы

Орташа жылдамдық · Орташа · Гончаренко № 5

Жауабы. $v_{\text{орт}} = 2v_1v_3 / (2v_3 + v_1 - v_2)$

Берілгені. Барғанда: уақыты t_1 , жылдамдығы v_1 . Қайтқанда: алдымен t_1 уақыт бойы v_2 жылдамдықпен, содан соң қалған жолды v_3 жылдамдықпен.

Табу керек. $v_{\text{орт}}$.

Идея. Орташа жылдамдық — әрқашан **бүкіл жолдың бүкіл уақытқа қатынасы**, жылдамдықтардың орташа мәні емес:

$$v_{\text{орт}} = s_{\text{толық}} / t_{\text{толық}}.$$

Шешуі.

1. Қалалар арасы: $s = v_1 t_1$. Барып-қайтқан толық жол: $s_{\text{толық}} = 2v_1 t_1$.

2. Қайту жолының бірінші бөлігі: $s' = v_2 t_1$. Қалған бөлігі мен оған кеткен уақыт:

$$s'' = s - s' = (v_1 - v_2)t_1, \quad t_3 = (v_1 - v_2)t_1 / v_3.$$

3. Толық уақыт — үш мүшеден тұрады: барғандағы t_1 , қайтқандағы t_1 және t_3 :

$$t_{\text{толық}} = 2t_1 + (v_1 - v_2)t_1 / v_3 = t_1 \cdot (2v_3 + v_1 - v_2) / v_3.$$

4. Орташа жылдамдық:

$$v_{\text{орт}} = 2v_1 t_1 \cdot v_3 / [t_1 (2v_3 + v_1 - v_2)] = 2v_1 v_3 / (2v_3 + v_1 - v_2).$$

Тексеру. $v_1 = v_2 = v_3 = v$ болса, $v_{\text{орт}} = 2v^2 / (2v + v - v) = v$ ✓ — бұл автомобиль бүкіл жолды бірқалыпты жүрген жағдай.

Ескерту. Кейбір жинақтарда бұл есептің жауабы $2v_1 v_3 / (v_3 + v_1 - v_2)$ түрінде берілген. Ол дұрыс емес: жоғарыдағы тексеруде мұндай өрнек v орнына $2v$ береді. Бөлімдегі v_3 алдындағы 2 —

барғандағы және қайтқандағы екі t_1 уақытынан шығады.

Жауабы. $v_{\text{орт}} = 2v_1v_3 / (2v_3 + v_1 - v_2)$.

6

Жолдың үш бөлігін әртүрлі жылдамдықпен жүрген пойыз

Орташа жылдамдық · Орташа · Гончаренко № 6

Жауабы. $v_{\text{орт}} = 12v_1v_2 / [5(v_1 + v_2)] = 72 \text{ км/сағ}$

Берілгені. $v_1 = 50 \text{ км/сағ}$, $v_2 = 75 \text{ км/сағ}$, $v_3 = 2v_{12}$, мұндағы v_{12} — алғашқы екі бөліктегі орташа жылдамдық. Әр бөлік — $s/3$.

Табу керек. $v_{\text{орт}}$.

Идея. Есепті екі қадаммен шешеміз: алдымен алғашқы екі бөліктің орташа жылдамдығын (бұл — **гармониялық орта**), содан соң үш бөліктің бәрін қамтитын орташа жылдамдықты табамыз.

Шешуі.

1. Алғашқы екі бөліктің әрқайсысы $s/3$, оларға кеткен уақыт:

$$t_1 = s / (3v_1), \quad t_2 = s / (3v_2), \quad t_1 + t_2 = (s/3) \cdot (v_1 + v_2) / (v_1v_2).$$

Жүрілген жол $2s/3$, сондықтан

$$v_{12} = (2s/3) / (t_1 + t_2) = 2v_1v_2 / (v_1 + v_2) = 2 \cdot 50 \cdot 75 / 125 = 60 \text{ км/сағ}.$$

2. Үшінші бөліктегі жылдамдық:

$$v_3 = 2v_{12} = 4v_1v_2 / (v_1 + v_2) = 120 \text{ км/сағ}, \quad t_3 = s / (3v_3).$$

3. Толық уақыт:

$$t = (s/3) \cdot [(v_1+v_2)/(v_1v_2) + (v_1+v_2)/(4v_1v_2)] = (s/3) \cdot (5/4) \cdot (v_1+v_2)/(v_1v_2) = 5s(v_1+v_2) / (12v_1v_2).$$

4. Демек

$$v_{\text{орт}} = s/t = 12v_1v_2 / [5(v_1 + v_2)] = 12 \cdot 50 \cdot 75 / (5 \cdot 125) = 72 \text{ км/сағ}.$$

Сандық тексеру. $s = 360 \text{ км}$ десек: $t_1 = 120/50 = 2,4 \text{ сағ}$; $t_2 = 120/75 = 1,6 \text{ сағ}$; $t_3 = 120/120 = 1 \text{ сағ}$.
Барлығы 5 сағ , $360/5 = 72 \text{ км/сағ}$ ✓

Жауабы. $v_{\text{орт}} = 12v_1v_2 / [5(v_1 + v_2)] = 72 \text{ км/сағ}$.

7

Негізгі топтан үш айналымға озған велошабандоз

Орташа жылдамдық · Орташа · Гончаренко № 7

Жауабы. $v \approx 46,4 \text{ км/сағ}$

Берілгені. Көшбасшы $N_1 = 100$ айналым жүріп өткенде, топ $N_2 = 100 - 3 = 97$ айналым жүрді;
 $v_{\text{топ}} = 45$ км/сағ.

Табу керек. $v_{\text{көш}}$.

Идея. Көшбасшы мен топ **бір уақыт** ішінде әртүрлі жол жүрді. Бірдей уақытта жүрілген жолдар жылдамдықтарға тура пропорционал.

Шешуі.

1. Бір айналымның ұзындығы L болсын. Сол t уақыт ішінде:

$$v_{\text{көш}} \cdot t = 100L, \quad v_{\text{топ}} \cdot t = 97L.$$

2. Бірін екіншісіне бөлеміз — L мен t қысқарады:

$$v_{\text{көш}} / v_{\text{топ}} = 100 / 97.$$

3. Демек

$$v_{\text{көш}} = v_{\text{топ}} \cdot 100/97 = 45 \cdot 100/97 \approx 46,4 \text{ км/сағ.}$$

Талдау. Жылдамдық небәрі 3,1 %-ға ғана артық — жүз айналымда үш айналымға озу үшін осы да жеткілікті. Ұзақ жарыстарда шағын артықшылықтың қалай жинақталатынын көрсететін жақсы мысал.

Жауабы. $v_{\text{көш}} \approx 46,4$ км/сағ.

8

Жолдары мен уақыттары қатынаспен берілген пойыз

Орташа жылдамдық · Орташа · Гончаренко № 8

Жауабы. $v_{\text{орт}} = 40$ км/сағ

Берілгені. $s_1 : s_2 : s_3 : s_4 = 1 : 3 : 4 : 2$; $t_1 : t_2 : t_3 : t_4 = 2 : 4 : 3 : 1$; $v_4 = 80$ км/сағ.

Табу керек. $v_{\text{орт}}$.

Идея. Қатынастарды **пропорция коэффициенттері** арқылы жазамыз: $s_i = k \cdot (1, 3, 4, 2)$ және $t_i = m \cdot (2, 4, 3, 1)$. Сонда белгісіз екеу ғана — k және m , ал берілген v_4 солардың қатынасын береді.

Шешуі.

1. Соңғы бөлік: $s_4 = 2k$, $t_4 = m$. Демек

$$v_4 = 2k / m = 80 \text{ км/сағ} \Rightarrow k / m = 40 \text{ км/сағ.}$$

2. Толық жол мен толық уақыт:

$$s = k(1 + 3 + 4 + 2) = 10k, \quad t = m(2 + 4 + 3 + 1) = 10m.$$

3. Сондықтан

$$v_{\text{орт}} = s / t = 10k / 10m = k/m = 40 \text{ км/сағ.}$$

Талдау. Екі қатынастағы мүшелердің қосындысы бірдей болып шықты (10 және 10), сондықтан жауап тікелей k/m -ге тең. Сандық тексеру: $k = 40$ км, $m = 1$ сағ десек, жолдар 40, 120, 160, 80 км (барлығы 400 км), уақыттар 2, 4, 3, 1 сағ (барлығы 10 сағ), бөліктердегі жылдамдықтар 20; 30; 53,3 және 80 км/сағ; $400/10 = 40$ км/сағ ✓

Жауабы. $v_{\text{орт}} = 40$ км/сағ.

9

Екі турист және бір велосипед

Орташа жылдамдық · Күрделі · Гончаренко № 9

Жауабы. $v_{\text{орт}} = 2v_1v_2 / (v_1 + v_2)$; екінші жағдайда орташа жылдамдық артады

Берілгені. Жолдың ұзындығы L ; велосипед жылдамдығы v_1 , жаяу жүру жылдамдығы v_2 ($v_1 > v_2$). Екі турист бір мезгілде шығып, бір мезгілде жетеді.

Табу керек. $v_{\text{орт}}$, сондай-ақ екінші сценарийдегі өзгерісті сапалық бағалау.

Идея. Велосипед қалдырылатын нүктенің орнын x деп белгілеп, «екеуі де бір мезгілде жетеді» шартынан x -ті табамыз.

1-бөлім.

1. Бірінші турист x жолды велосипедпен, қалған $(L - x)$ жолды жаяу жүреді; екіншісі керісінше — x жолды жаяу, $(L - x)$ жолды велосипедпен:

$$x/v_1 + (L-x)/v_2 = x/v_2 + (L-x)/v_1.$$

2. Мүшелерін топтасақ:

$$(2x - L)/v_1 = (2x - L)/v_2.$$

$v_1 \neq v_2$ болғандықтан бұл тек $2x - L = 0$ болғанда орындалады, яғни

$$x = L/2 \text{ — велосипед жолдың дәл ортасында қалдырылады.}$$

3. Әрқайсысының уақыты мен орташа жылдамдығы:

$$t = L/(2v_1) + L/(2v_2) = L(v_1 + v_2) / (2v_1v_2),$$

$$v_{\text{орт}} = L/t = 2v_1v_2 / (v_1 + v_2).$$

Бұл — v_1 мен v_2 -нің **гармониялық ортасы**; ол әрқашан арифметикалық ортадан кіші.

2-бөлім (сапалық).

Бірінші сценарийде велосипед жол бойында **бос жатады**: бірінші турист оны тастаған сәттен екінші турист келгенге дейін ол ешкімді тасымайды. Екінші сценарийде үшінші турист велосипедті кері алып келеді, сондықтан велосипед бүкіл уақыт бойы қозғалыста болады және екі туристке **көбірек «велосипед-километр»** үлестіреді. Әрқайсысының велосипедпен жүрген жолы $L/2$ -ден үлкен, жаяу жүрген жолы кіші болады, демек

$$v_{\text{орт}} (2\text{-жағдай}) > 2v_1v_2 / (v_1 + v_2).$$

Жауабы. $v_{\text{орт}} = 2v_1v_2/(v_1 + v_2)$; екінші жағдайда орташа жылдамдық **үлкенірек** болады.

10

Жылдамдығын екі есе арттырған мотоциклші

Орташа жылдамдық · Оңай · Гончаренко № 10

Жауабы. $v_{\text{орт}} = 48$ км/сағ

Берілгені. $s_1 = s$, $v_1 = 40$ км/сағ; $s_2 = s/2$, $v_2 = 80$ км/сағ.

Табу керек. $v_{\text{орт}}$.

Идея. Тағы да $v_{\text{орт}} = s_{\text{толық}} / t_{\text{толық}}$. Жолдар тең болмағандықтан гармониялық орта формуласын тікелей қолдануға болмайды — уақыттарды бөлек санау керек.

Шешуі.

1. Уақыттар:

$$t_1 = s / 40, \quad t_2 = (s/2) / 80 = s / 160.$$

2. Қосындылар:

$$s_{\text{толық}} = s + s/2 = 1,5s, \quad t_{\text{толық}} = s/40 + s/160 = 5s/160 = s/32.$$

3. Орташа жылдамдық:

$$v_{\text{орт}} = 1,5s / (s/32) = 1,5 \cdot 32 = 48 \text{ км/сағ}.$$

Сандық тексеру. $s = 160$ км десек: 160 км — 4 сағ, 80 км — 1 сағ. Барлығы 240 км / 5 сағ = 48 км/сағ ✓

Жиі кездесетін қате. $(40 + 80)/2 = 60$ км/сағ деп жауап беру. Бұл — жылдамдықтардың арифметикалық ортасы; ол тек **уақыттары** тең болғанда ғана дұрыс.

Жауабы. $v_{\text{орт}} = 48$ км/сағ.

11

Жолдың жартысы шоссе, жартысы грунт жол

Орташа жылдамдық · Оңай · Гончаренко № 11

Жауабы. $v_{\text{орт}} = 45 \text{ км/сағ}$ **Берілгені.** $v_1 = 90 \text{ км/сағ}$, $v_2 = 30 \text{ км/сағ}$, жол бөліктері тең: $s/2$.**Табу керек.** $v_{\text{орт}}$.**Шешуі.**

1. Әр бөлікке кеткен уақыт:

$$t_1 = s / (2v_1), \quad t_2 = s / (2v_2).$$

2. Толық уақыт:

$$t = (s/2) \cdot (1/v_1 + 1/v_2) = s(v_1 + v_2) / (2v_1v_2).$$

3. Орташа жылдамдық — **гармониялық орта**:

$$v_{\text{орт}} = s/t = 2v_1v_2 / (v_1 + v_2) = 2 \cdot 90 \cdot 30 / 120 = 45 \text{ км/сағ}.$$

Талдау. Арифметикалық орта $(90 + 30)/2 = 60 \text{ км/сағ}$ болар еді. Бірақ автомобиль баяу бөлікте **үш есе көп уақыт** өткізеді, сондықтан нәтиже баяу жылдамдыққа қарай ығысады. Жалпы ереже: жолдың тең бөліктерінде — гармониялық орта, уақыттың тең бөліктерінде — арифметикалық орта.

Жауабы. $v_{\text{орт}} = 45 \text{ км/сағ}$.

12

Жаяу, автобуспен және электричкамен жүрген туристер

Орташа жылдамдық · Орташа · Гончаренко № 12

Жауабы. $v_1 = 4 \text{ км/сағ}$; $v_2 = 64 \text{ км/сағ}$; $v_3 = 36 \text{ км/сағ}$ **Берілгені.** $v_{\text{орт}} = 32 \text{ км/сағ}$; $s_1 : s_2 : s_3 = 1 : 4 : 45$; $t_1 : t_2 : t_3 = 4 : 1 : 20$.**Табу керек.** v_1, v_2, v_3 .

Идея. Бұл — 8-есептің кері нұсқасы: мұнда орташа жылдамдық берілген, ал бөліктердегі жылдамдықтарды табу керек. Тағы да пропорция коэффициенттерін енгіземіз.

Шешуі.1. $s_i = k \cdot (1, 4, 45)$ және $t_i = m \cdot (4, 1, 20)$ деп жазамыз.

2. Толық жол мен толық уақыт:

$$s = k(1 + 4 + 45) = 50k, \quad t = m(4 + 1 + 20) = 25m.$$

3. Орташа жылдамдық шартынан k/m қатынасын табамыз:

$$v_{\text{орт}} = 50k / 25m = 2k/m = 32 \text{ км/сағ} \Rightarrow k/m = 16 \text{ км/сағ}.$$

4. Енді әр бөліктің жылдамдығы:

$$v_1 = s_1/t_1 = k/(4m) = 16/4 = 4 \text{ км/сағ (жаяу)},$$

$$v_2 = s_2/t_2 = 4k/m = 4 \cdot 16 = 64 \text{ км/сағ (автобус)},$$

$$v_3 = s_3/t_3 = 45k/(20m) = 2,25 \cdot 16 = 36 \text{ км/сағ (электричка)}.$$

Тексеру. $k = 16 \text{ км}$, $m = 1 \text{ сағ}$ десек: жолдар 16, 64, 720 км (барлығы 800 км), уақыттар 4, 1, 20 сағ (барлығы 25 сағ); $800/25 = 32 \text{ км/сағ} \checkmark$

Жауабы. $v_1 = 4 \text{ км/сағ}$; $v_2 = 64 \text{ км/сағ}$; $v_3 = 36 \text{ км/сағ}$.

13

Өзеннен су алып, алауды сөндіру: ең аз уақыт

Экстремум есептері · Күрделі · Гончаренко № 13

Жауабы. $t = 15 \text{ с}$

Берілгені. $AD = 6 \text{ м}$ (адамнан жағаға дейін), $BC = 34 \text{ м}$ (алаудан жағаға дейін), $DC = 30 \text{ м}$, $v = 5 \text{ м/с}$, $\tau = 5 \text{ с}$.

Табу керек. $t_{\text{мин}}$.

Идея. Жылдамдық тұрақты болғандықтан, уақытты азайту — **жолды азайту** деген сөз. Адам жағаның бір нүктесіне (O) барып, содан алауға баруы керек: жол $AO + OB$. Мұндай есепті **шағылу (симметрия) әдісі** бірден шешеді: A нүктесін жағаға қатысты айнадағыдай көшіріп, A_1 нүктесін аламыз. Сонда $AO = A_1O$, демек

$$AO + OB = A_1O + OB \geq A_1B,$$

ал теңдік тек A_1 , O, B бір түзудің бойында жатқанда орындалады. Бұл — жарықтың шағылу заңының («түсу бұрышы = шағылу бұрышы») механикадағы дәл көшірмесі.

Шешуі.

1. A_1 нүктесі жағаның арғы жағында, одан 6 м қашықтықта жатады. Сонда A_1 мен B нүктелерінің жағаға перпендикуляр бағыттағы арақашықтығы:

$$AD + BC = 6 + 34 = 40 \text{ м},$$

ал жаға бойымен — $DC = 30 \text{ м}$.

2. Пифагор теоремасы бойынша ең қысқа жол:

$$s_{\text{мин}} = A_1B = \sqrt{DC^2 + (AD + BC)^2} = \sqrt{(30^2 + 40^2)} = \sqrt{(900 + 1600)} = \sqrt{2500} = 50 \text{ м.}$$

3. Толық уақыт — жүгіру уақыты плюс су құю уақыты:

$$t_{\text{мин}} = s_{\text{мин}} / v + \tau = 50 / 5 + 5 = 10 + 5 = 15 \text{ с.}$$

Талдау. Су алатын О нүктесінің орнын да табуға болады: ұқсас үшбұрыштардан $DO / DC = AD / (AD + BC) = 6/40$, яғни $DO = 30 \cdot 0,15 = 4,5 \text{ м.}$ Адам өзінен ең жақын жағаға тіке жүгірмей, алауға қарай сәл ығысып барғаны тиімді.

Жауабы. $t_{\text{мин}} = 15 \text{ с.}$

14

Алға озып кетіп, серігіне қайта оралған велосипедші

Салыстырмалы қозғалыс · Орташа · Гончаренко № 14

Жауабы. $t = 2l / (v_1 + v_2) = 15 \text{ мин}$

Берілгені. $v_1 = 35 \text{ км/сағ}$, $v_2 = 45 \text{ км/сағ}$, $l = 10 \text{ км.}$

Табу керек. t — толық уақыт.

Идея. Қозғалысты екі кезеңге бөлеміз: озу және қайта оралу. Екеуінде де бірінші велосипедші бірқалыпты v_1 жылдамдықпен жүре береді.

Шешуі.

1. Бірінші кезең. Екінші велосипедші $l = 10 \text{ км}$ жүреді:

$$t_a = l / v_2 = 10 / 45 \text{ сағ} = 2/9 \text{ сағ} \approx 13 \text{ мин } 20 \text{ с.}$$

Осы уақытта олардың арақашықтығы $(v_2 - v_1)$ жылдамдықпен өседі:

$$\Delta s = (v_2 - v_1) \cdot t_a = 10 \cdot (10/45) = 100/45 \text{ км} \approx 2,22 \text{ км.}$$

2. Екінші кезең. Ол бұрылған соң екеуі бір-біріне $(v_1 + v_2)$ жылдамдықпен жақындайды:

$$t_b = \Delta s / (v_1 + v_2) = (100/45) / 80 = 1/36 \text{ сағ} \approx 1 \text{ мин } 40 \text{ с.}$$

3. Толық уақыт:

$$t = t_a + t_b = 2/9 + 1/36 = 8/36 + 1/36 = 9/36 = 1/4 \text{ сағ} = 15 \text{ мин.}$$

Әдемі жалпы шешім. Әріптік түрде есептесек, ықшамдаулардан кейін бөлек-бөлек уақыттар түгел қысқарып, өте қарапайым өрнек қалады:

$$t = (l/v_2) \cdot [1 + (v_2 - v_1)/(v_1 + v_2)] = (l/v_2) \cdot (2v_2)/(v_1 + v_2) = 2l / (v_1 + v_2).$$

Тексеру: $2 \cdot 10 / 80 = 0,25$ сағ = 15 мин ✓ Назар аударыңыз: жауапта v_2 мүлде жоқ — тек қосынды $v_1 + v_2$ бар.

Жауабы. $t = 2l/(v_1 + v_2) = 15$ мин.

15

Жаяу жүргінші мен оны қуып жеткен автомобиль

Салыстырмалы қозғалыс · Оңай · Гончаренко № 15

Жауабы. $s = 30$ км

Берілгені. $s_1 = 27$ км; $v_{\text{авт}} = 10v$ (v — жаяу жүргіншінің жылдамдығы); екеуі бір мезгілде жетеді.

Табу керек. s — қалалар арасындағы қашықтық.

Идея. Автомобиль шыққан сәттен бастап санасақ, екеуі де **бірдей уақыт** жүреді: жаяу жүргінші қалған $(s - 27)$ км-ді, автомобиль толық s км-ді.

Шешуі.

1. Уақыттарды теңестіреміз:

$$(s - 27) / v = s / (10v).$$

2. v қысқарады, айқастыра көбейтеміз:

$$10(s - 27) = s \Rightarrow 10s - 270 = s \Rightarrow 9s = 270 \Rightarrow s = 30 \text{ км.}$$

Тексеру. $v = 5$ км/сағ десек: жаяу жүргіншіге қалған 3 км-ге 0,6 сағ керек; автомобиль 50 км/сағ жылдамдықпен 30 км-ді 0,6 сағатта жүреді ✓

Талдау. Жаяу жүргінші жолдың $27/30 = 90\%$ бөлігін жалғыз жүріп үлгерген; автомобиль оны дәл финишта қуып жетті.

Жауабы. $s = 30$ км.

16

Құтқару шеңберін қуып жеткен катер

Ағыстағы қозғалыс · Орташа · Гончаренко № 16

Жауабы. $v_{\text{ағыс}} = 5$ км/сағ

Берілгені. $t_1 = 30$ мин = 0,5 сағ (қуып жеткеннен бұрылғанға дейін); $l = 5$ км — екі кездесу нүктесінің арасы (жағамен өлшенген).

Табу керек. $v_{\text{ағыс}}$.

Идея. Есептің кілті — **суға байланысқан санақ жүйесіне** көшу. Ол жүйеде:

- шеңбер мүлде қозғалмайды (ол ағыспен бірге жүзеді);

- катердің қозғалтқыш қуаты өзгермегендіктен, оның суға қатысты жылдамдығы модулі бойынша тұрақты — u .

Шешуі.

1. Су жүйесінде катер шеңберден 30 мин бойы u жылдамдықпен алшақтайды, содан соң дәл сондай жылдамдықпен кері қайтады. Демек ол шеңберге оралуға да нақ 30 мин жұмсайды:

$$t = t_1 + t_2 = 0,5 + 0,5 = 1 \text{ сағ.}$$

Бұл ағыстың жылдамдығына, катердің жылдамдығына да тәуелді емес — тек симметриядан шығады.

2. Енді жағаға қайта ораламыз. Осы 1 сағат ішінде шеңбер ағыспен бірге 5 км жылжыды — және дәл сол жерде екінші кездесу болды. Демек

$$v_{\text{ағыс}} = l / t = 5 / 1 = 5 \text{ км/сағ.}$$

Талдау. Катердің өз жылдамдығы есепте мүлде қажет болмады. Дұрыс санақ жүйесін таңдау есепті бірнеше жолдық теңдеулер жүйесінен екі жолға дейін қысқартады.

Жауабы. $v_{\text{ағыс}} = 5 \text{ км/сағ.}$

17

Жаяу жүргіншіні басып озған және қарсы кездескен трамвайлар

Салыстырмалы қозғалыс · Орташа · Гончаренко № 17

Жауабы. $T = 2t_1t_2/(t_1 + t_2) = 5 \text{ мин } 50 \text{ с}$

Берілгені. $t_1 = 7 \text{ мин}$ (басып озу аралығы), $t_2 = 5 \text{ мин}$ (қарсы кездесу аралығы).

Табу керек. T — трамвайлардың жүру аралығы.

Идея. Трамвайлар бірдей T аралықпен шығатындықтан, көрші екі трамвайдың арасы жолда тұрақты:

$$L = u \cdot T,$$

мұндағы u — трамвайдың жылдамдығы. Жаяу жүргіншіге бұл алшақтық салыстырмалы жылдамдықпен жабылады.

Шешуі.

1. Жаяу жүргіншінің жылдамдығы v болсын. Артынан қуып жеткен трамвай оған $(u - v)$ жылдамдықпен жақындайды, қарсы келгені — $(u + v)$ жылдамдықпен:

$$L = (u - v) \cdot t_1 = (u + v) \cdot t_2.$$

2. Сандарды қойсақ: $7(u - v) = 5(u + v) \Rightarrow 7u - 7v = 5u + 5v \Rightarrow 2u = 12v$, яғни $u = 6v$ — трамвай жаяу жүргіншіден алты есе жылдам.

3. Енді $L = uT$ теңдігін пайдаланамыз:

$$uT = (u - v)t_1 = (6v - v) \cdot 7 = 35v \Rightarrow T = 35v / (6v) = 35/6 \text{ мин.}$$

$$T = 5 \text{ мин } 50 \text{ с.}$$

Жалпы формула. Екі өрнектен u мен v -ні шығарып тастасақ:

$$T = 2t_1t_2 / (t_1 + t_2) = 2 \cdot 7 \cdot 5 / 12 = 35/6 \text{ мин } \checkmark$$

Яғни жүру аралығы — t_1 мен t_2 -нің **гармониялық ортасы**, ол әрқашан осы екеуінің арасында жатады.

Жауабы. $T = 2t_1t_2/(t_1 + t_2) \approx 5 \text{ мин } 50 \text{ с.}$

18

Жаяу жүргінші, велосипедші және мотоциклші

Салыстырмалы қозғалыс · Күрделі · Гончаренко № 18

Жауабы. $x = 10 \text{ км}$

Берілгені. $t = 0$ сәтінде велосипедші мен мотоциклші бір нүктеде, жаяу жүргінші олардан $d = 10$ км алда. t_1 сәтінде мотоциклші жаяу жүргіншіні қуып жетті, сол кезде велосипедші олардан 5 км артта.

Табу керек. x — велосипедші жаяу жүргіншіні қуып жеткен t_2 сәтіндегі мотоциклші мен жаяу жүргіншінің арақашықтығы.

Идея. Үш дененің жылдамдықтарын жеке-жеке табудың қажеті жоқ — тек **жылдамдықтар айырмасымен** жұмыс істейміз. Барлық арақашықтық осы айырмалар арқылы өрнектеледі.

Шешуі.

1. v_M, v_B, v_J — мотоциклші, велосипедші, жаяу жүргіншінің жылдамдықтары. t_1 сәтінде мотоциклші жаяу жүргіншіні қуып жетті:

$$(v_M - v_J) \cdot t_1 = 10 \text{ км. (1)}$$

2. Сол сәтте велосипедші мотоциклшіден 5 км артта (екеуі де бір нүктеден шыққан):

$$(v_M - v_B) \cdot t_1 = 5 \text{ км. (2)}$$

3. (1) мен (2)-ні салыстырсақ: $v_M - v_B = \frac{1}{2}(v_M - v_J)$. Ал

$$v_B - v_J = (v_M - v_J) - (v_M - v_B) = \frac{1}{2}(v_M - v_J),$$

яғни велосипедші жаяу жүргіншіге мотоциклшіден **дәл екі есе баяу** жақындайды.

